

ҚОШ, АМАН БОЛ!

Құдай екең мұншама үйіп-төгіп бере салар ма?.. Жеміс-жидек дегенінде жік жоқ, сыңсып тұр. Саяжай ұстағалы бері Бекей де тап мұндай молшылыққа кездесіп көрген еместі. Ағаш басында тұрып, әбден пісіп-жеткен соң, сабағынан үзіліп түсіп, аяқ астында жусап қалған: алма, өрік, шие сияқтыларды жинастырып, әрқайсысын өз алдына шөмелелеп үйіп жүр. Сөйте тұра: «Не істесем екен бұларды?» деп қынжылады ол. Базарға шығарып ақшалайын десе - көлік жоқ...

- Сен не әрекет жасап жүрсің, жарқыным? - дейді Бекей көршісі Мерекке келіп, - Күндегісін күнде топырлай төгіліп, ағып-шіріп барады. Бой берер емес. Не істесек екен?

- Не істейтін едің?! Бір шетінен жонып, жайып кептіресің де, - дейді көрші, - ал ыңғайға келгенін, ала-құласына қарамай, сығып-жаншып, шырынын ағызып ала бер. Басқа не керек?

- Сонда ол қалай сақталмақ? Шырыны түскірің, көп тұрса, борсып, бұзылып кетпей ме?

- Бұзылып дейді? Бері таман кел... мен саған бұзылғанды көрсетейін. - Мерек бұрышта бүркеулі тұрған «қоймасының» жабуын сыпырып алып: - Көрдің бе мынаны? - деді.

- Мұның не пәле?-

Қараса, кәдімгі жеті-сегіз литрлік шыны құмыра екен онысы: үстіндегі жамылғысын жұлып алғанда, құлақтары ербиіп-ербиіп түрегелді. - Ашытады екенсің ғой, қуым?

- Таңырқайтын ештеңе жоқ, бауырым. - Мерек қоймасының мән-жайын түсіндіре бастады. Құмыраның аузына кәдімгі жұқа резеңке қолғапты кигізіп, саусақтарының ұшын инемен тескен екен. Сондағы әр немеден сығып алынған қоңыр-ала қоймалжың шырынға аздап қант салса болғаны, көбік ата көпірмек. Ал одан шыққан газ құмыраны көрней бастаған сәтте саусақтар да (құлақ емес) едірейіп-едірейіп түрегелмек. - Не пәле дейсің -ау, тағы да... Өнеки, саусақтарын тарбайтып: «Ассалаумағалейлүм!» деп тұр.

- Ал, одан соң не болмақ?

- Одан соң, - дейді Мерек, - газ сыртқа шығып болған шақта

саусақтар: «Қош аман бол!» деп жата-жата кетеді. Одан әрі пісмеланды айт та құлақшындап құлата бер. «Вермуттан» зәредей кем соқса маған сәлем берме.

- Қоя гөр, - деді Бекей дұдамал кейіппен, - заңға томпақ келмей ме мұның?



- Самогон айдап, сыртқа сатып жатқан жоқпыз. Мұның «томпағы» қай жерінде демексің сонда? Сен ана-мынаны қой, қосыңда Қалиманың жинаған шырын-мырыны болса, осында кел, мынаған қосалық. Тұмылдырықтап, жабулап, мұны да бір байқап көрелік те...

Арада үш-төрт күн өтіп те кеткен еді. Мерек есігінің алдында жиын-терінмен жүрген Бекейге қол бұлғап:

- Мұнда кел! - деп дауыстады.

Келді. Құмыра стол үстінде тұр қаздып. Екі жағында - екі құлақшын. Демек, бұл «Ассалаумағалейкүм» жайына қалып, «Қош аман болдың» жаңа келіп жеткен шағы болатын. Алғашқы құлақшын қолға қалай тиді солай:

-Денсаулыққа, көзіңді жұм да

бі-рақ тарт!-деді Мерек, - кетті...

- Тфу! - Бекей өлердей тыжырына қалды. - Удай ащы бірдеңе ғой мынауың?!

- Иә, қанты аздау болған екен - Мерек жалма-жан құмыраға үстеп қант салды да, шайқап-шайқап, тағы құйды: - Жұм көзіңді...

...Жайлы түн, оңаша үй, рахат! Екеуден екеуі. Содан бастап көзді жұмып-ашып, бауырын жаңа жазған жүйріктей кете берді, кете берді. Қанша уақыт өткенін, қанша жерге барғанын да сезген жоқ. Екеуі де столды сүзе, бүк түсіп жатып қалған.

- Е-е... Мер-рек, - деді бір заматта Бекей талмау үнмен, - тұр, ойбай! Таң атыпты.

- Ке-кеттік!.. - дегендей болды Мерек ыңырсып. Бірақ басын көтермеді.

- Өлдім! Кіндігімнің түбі бұрап әкетіп барады, басым шыр айналып, көз алдым қарауытып тұр. Сен ше?

- Құрыдық! - Мерек те қос қолдап ішін басып, мышқиып қалған. Орнынан тұра алар емес.

- Енді қайттік?! Не болдық?!

- Бәсе, не боп қалды?

Есіктен Қалима кіріп келді. Демалыс күні болған соң, Бекейге көмектесіп, саяжайда біраз жұмыс істеп қайтапқышы болып қаладан келген беті еді. «Мияулап» қалған мына екеуінің сиқын көріп, зәресі ұшып кетті.

- Ішкен екенсің ғой атау-кереңді?!

- И-иә, - дейді Бекей.

- Өлуге айналыпсың ғой?!

- И-иә...

- Кетеміз, - деп мінгірлейді Мерек.

- Қайда?

- Қа-ла-ға...

Бұлардың ұланып қалғанына көзі жеткен Қалима не істерін білмеді. Бар тапқаны жалма-жан жүгіріп барып, кер жолдың бойынан бір таксиді ұстап алып келді:

- Мінiндер мынаған! - деді.

Алды-артына қаратқан жоқ, екеуін сүйемелдей-сүйрей жүріп, машинаға тықты да, қала қайда-сың деп тартып отырды.

Сыртқы есіктің кіре берісінде: «Қош аман бол!» деп резеңке қолғап қалды.